

+7 712 227 63 23
Атырау, Студенттер даңғылы 1
kense@asu.edu.kz
www.asu.edu.kz



ATYRAU
UNIVERSITY

Х.ДОСМУХАМЕДОВ
АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

БОЛАШАҚ ҮШІН
САПАЛЫ БІЛІМ



АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ ТУРАЛЫ

Құрметті жас дос!



Атырау университеті – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзіндік тарихы мен тәжірибесі бар халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын іргелі білім ордасы. Біз университетті Каспий маңы аймағындағы еліміздің гүлденуіне үлес қосатын инновациялық процестің драйверіне айналдырамыз деген үлкен мақсат қойып, сол бағытта «Қазақстан-2050» Стратегиясы» анықтаған «Білім және кәсіби дағды – заманауи білім беру жүйесінің, мамандар дайындаудың және қайта даярлаудың негізгі бағдарлары» негізінде қарқынды дамыту траекториясын өзірледік. Еліміздегі және Каспий макроаймағындағы көшбасшылық орынға ұмтыла отырып, алдағы уақытта студенттер контингентін арттыру, білім бағдарламаларын жаңғырту, ағылшын тіліндегі халықаралық білім бағдарламаларын іске қосу, «I-Space» бизнес-инкубаторының базасындағы ғылыми қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру, көпсалалы жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингілерінде университетті анағұрлым жоғары орындарға шығару және оның «Green Metrics» университеттердің тұрақты дамуының әлемдік рейтингісімен қоса халықаралық рейтингілерге кіруін қамтамасыз ету бойынша инновациялық жобаларды іске асырамыз.

Талапкерлерге сәтті таңдау, студенттерге сапалы білім, әріптестерге абыройлы еңбек тілейміз!

Құрметпен, Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов

УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ

Факультеттер және білім бағдарламалары;
Кредиттік технология ;
Университеттің инновациялары;
Халықаралық және ішкі студент алмасу;
Әскери кафедра;
Академиялық күнтізбе;
Университет порталы;

СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы
Үздіксіз білім беру және мансапты жоспарлау
Академиялық адалдық кодексі
Ғылыми Кітапхана
Денсаулық
Тамақтану
Студенттер үйі
Төлемақы

УНИВЕРСИТЕТ ӨМІРІ

Жастар саясаты жөніндегі департамент
Өзін-өзі басқару
Студенттік клубтар
Іс-шаралар
Спорт

МАЗМҰНЫ



Құрметті дос!
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетіне қатысты
ұсыныс пікірлеріңізді ризашылықпен қабылдаймыз



www.asu.edu.kz



[Atyrau university official](#)



kense@asu.edu.kz




[atyrauuniversity_official](#)

УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ЖОБАЛАР

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ЖЕТІ ҚЫРЫ



Халел Досмұхамедов (1883-1939жж.) – белгілі саяси және қоғам қайраткері, энциклопедист – ғалым, Атырау облысы Қызылқоға ауданында дүниеге келді. 1895-1902 жж. Оралдағы Әскери реалдық училище оқушысы, 1902-1903 жж. Орал Әскери реалдық училищесі қосымша класы оқушысы. 1903-1909 жж. Санкт-Петербург қаласындағы Императорлық әскери-медициналық академиясында оқып, алтын медальмен бітірді. 1909-1913 жж. Ресейдің Пермь губерниясы Чердынск уезі Марчанск учаскесі дәрігері, Орал облысындағы Орал казак-орыс әскерлері кіші дәрігері қызметінде жасады. 1913-1918 жылдары Орал облысының Темір уезі учаскесінде дәрігер болды. 1920 жылдардан бастап ғылыми-педагогикалық қызметке келді. Ташкент, Қызылорда, Алматы қалаларында (астаналық қалалар) жоғары оқу орнында профессорлық қызмет атқарып, қазақстандық жоғары мектептің дамуына үлес қосты.

«Мусульманин», «Қазақ», «Еркін қазақ», «Шолпан», «Жас қазақ», «Сана», «Сәуле», «Жас қайрат», «Қызыл Қазақстан», «Терме», «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Ақжол» газет-журналдарында мақалалар жариялады. Ташкентте «Жануарлар», «Табиғаттану», «Шәкірттер саулығын сақтау», «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай-Махамбет», «Жануарлар» 3-ші бөлім, «Аламан», Қызылордада «Адамның тән тірлігі», «Жануарлар» 1-2-ші бөлімдері кітаптарын жазды. Х.Досмұхамедұлы еңбектерінде саяси, қоғамдық, әлеуметтік факторларға тығыз байланысты тарихи тұжырымдар, қазақ халқының әлеуметтік тарихына сипаттама жасады. Ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің сақталуына, Мұрат ақын жырларының халыққа жетуіне, Мұраттану ісіне бастамашы болды. Исатай-Махамбет көтерілісінің тарихын қазақ ұлтынан шыққан алғашқы зерттеуші, ұлт тарихында тарихи тұлғалар тарихын зерттеу саласын алғашқы қалыптастырушылардың бірі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, еліміздің азаттығы үшін қызмет еткен тұлғалар есімі қайта оралған кезде өңірімізден шыққан атақты тұлға Халел Досмұхамедов есімі 1994 жылы 23 мамырда Министрлер Кабинетінің шешімімен Атырау мемлекеттік университетіне берілді.

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде өзіндік тарихы мен тәжірибесі бар халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының бірі. Университет 1950 жылы 14 маусымда мұғалімдер институты ретінде ашылды. Алғашқы оқу жылында институтта 3 бөлім ашылып, әр бөлімде қазақ және орыс тілдерінде оқитын 50 студенттен 150 адам қабылданды.

1955 жылы мұғалімдер институты педагогикалық институтқа айналды. 1994 жылы педагогика институты Атырау университеті болып құрылды. Осы жылы оқу орнына көрнекті қайраткер, ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтың есімі берілді. Жоғары оқу орны мемлекеттік аттестаттаудан өтіп, Қазақстанның батыс аймағында алғашқы аймақтық университет дәрежесіне ие болды. 2005 жылы оқу орнының білім берудегі бәсекеге қабілеттілігімен және әлемдік білім беру саласындағы талаптарды қамтамасыз етуге бағытталған Сапа менеджменті жүйесі енгізілді. Оқу орны «Mody International ertification» ұйымының «ИСО 9001-2000» және «Эксперттеу және сертификаттау ұлттық орталығы» АҚ-ның Батыс Қазақстандық филиалының сертификатына ие болды.

2007 жылы Университет ғалымдары Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жеткен жетістіктері үшін» сыйлығының жеңімпаздарын анықтау мақсатында болған «Алтын сапа» көрме байқауына қатысып, белсене қатысушы мекеме ретінде Алғыс хатқа ие болды. 2009 жылдың 18 қыркүйегінде (Болонья) университеттер Ұлы Хартиясына қол қойды, бұның өзі – университеттің қабілеттілігі мен мол дәстүрінің белгісі. 2010 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Ұлы Хартиясына біріккен 600 әлемдік университеттер қатарына енді.

Соның нәтижесінде университет Болон процесінің толық қатысушысы болып есептілді. Болон үдерісі талаптарына сәйкес білім алушылардың қос диплом алуларына, оқу орнын қысқа мерзімде бітіруге салалы университеттердің ішінде алтыншы орынға ие.

Түлектерді жұмысқа орналасу деңгейін арттыру және білікті мамандарға тапсырыстарды қанағаттандыру үшін жыл сайын жұмысқа орналасу жәрмеңкесі өтеді, оған аймақтағы отандық және шетелдік компаниялар, түрлі деңгейдегі банк өкілдері, облыстық білім беру департаментінің жауапты адамдары қатысады. Мастер – кластар өткізіледі. «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылып келеді.

СТУДЕНТТІК ЖОЛ КАРТАСЫ



“BAIZAAR” САУДА, ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
MARCO гипермаркеты
SULPAK
RK-tel
Банкоматтар желісі
Дәріхана
Тамақтану орталықтары
Мекен жайы: Бақтыгерей Құлманов, 111а
insta: baizaar_mall

“ТАМАША” САУДА, ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
Лидер гипермаркеты
RK-tel
Банкоматтар желісі
Дәріхана
Тамақтану орталықтары
Мекен жайы: Каныш Сатпаев проспекті, 37
insta: tamasha_atyrau

“АТЫРАУ” САУДА, ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
Гипермаркет
RK-tel
BURGER KING
SULPAK
Банкоматтар желісі
Дәріхана
Тамақтану орталықтары
“KINOPLEXX” кинотеатры
Мекен жайы: Каныш Сатпаев проспекті, 17а

“ОҚУШЫЛАР ЖӘНЕ ЖАСТАР САРАЙЫ”
Жастар ресурстық орталығы
Тіл курстары
Спорттық үйірмелер
Волонтерлар штабы
Кітапхана
Коворкинг орталығы
Мекен жайы: Әбілхайыр хан, 17а

ТӨЛЕМАҚЫ

Оқу төлемақысы әр семестрдің алдында төленеді. Төлеу мерзімі өтіп кеткен немесе төлем бойынша қарыз болған жағдайда студент семестр соңында қорытынды емтиханға жіберілмейді.

Университет келісім-шарты негізінде оқитын білім алушылар үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру қызметтеріне жеңілдіктер жүйесі қарастырылған.

Оқу барысындағы жеңілдіктер шығармашылық мамандықтар бойынша күндізгі оқу нысанында оқитын студенттерге, спортшыларға (университет, облыс, республика құрама командаларының мүшелеріне; спорт шеберлеріне, халықаралық конкурстардың лауреаттарына, пәндік олимпиадалардың және т. б. жүлдегерлеріне) беріледі. Барлық жеңілдіктер студенттің университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысқанын растайтын сертификаттары, дипломдары, грамоталары және т. б. болған жағдайда беріледі.

Сондай-ақ, студенттер Х.Досмұхамедов, С.Зиманов, З.Қабдолов, Х.Доспанова, Әл-Фараби, Г.Әлиев атындағы атаулы стипендияларға үміткер бола алады.

"Алтын Белгі" иегерлеріне 50% жеңілдік беріледі. Халықтың әлеуметтік қорғалатын тобына жататын білім алушылар үшін 30%- дан 100%- ға дейін жеңілдіктер қарастырылған.



АО "Банк Центр Кредит"
ИИК KZ 388560000000460835
БИК КСJBKZKX



АО "Forte Bank"
ИИК KZ3696510F0008075825
БИК IRTYKZKA



АО "Қазақстан халық банкі"
ИИК KZ286010141000004825
БИК HSBKZKX

СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ - ТАМАША МҮМКІНДІК

Жастар - біздің болашағымыз. Оларды жаңа заманда өмір сүруге үйрету - біздің міндетіміз.

Н.Назарбаев

Жастар - еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы.

Қ.Тоқаев



БАКАЛАВРИАТ

- 6B01201 – Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері
- 6B01301- Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы
- 6B01101- Педагогика және психология
- 6B01901- Логопедия
- 6B03101-Психология
- 6B01401-Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдалған спорт түрлері бойынша жаттықтырушы
- 6B01402- Бастапқы әскери,технологиялық және дене шынықтыру дайындық мұғалімі

МАГИСТРАТУРА

- 7M01201- Білім берудегі менеджмент/Менеджмент в образовании
- 7M01101 – Педагогика және психология/ Педагогика и психология (1-жыл, 2-жыл)

ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ

Муханбетжанова Ақмарал Утепбергеновна,
Email: a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz
insta: innovation_faculty



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 11

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне қарасты 1300 студентке арналған 3 Студенттер үйі бар. Әр бөлме 3 және 4 студентке арналып жабдықталған. Әр студентке жеке төсек орын, шкаф және оқу үстелі беріледі. Студенттер үйінде алғашқы медициналық көмек алу мүмкіндігі бар. Ал студенттер үйінің әр бөлмесінде:

3-4 төсек орны (төсек жабдықтарымен және екі аптада бір рет тегін ауыстырылады) / Жазу үстелі / Киім шкафы / Кітап сөрелері бар

Студенттердің қолайлығы үшін:

Медпункт / Алма ТВ желісіне қосылған теледидар орнатылған демалыс бөлмелері / Сабақ оқу бөлмелері / Жуыну бөлмелері / Санитарлық тораптар / Жабдықталған асханалар (тоңазытқыш, шәйнек, ыдыс-аяқтар) / Тегін Wi-Fi / Теннис үстелдері / Шахмат үстелдері / Жаттығу және фитнес залдары / Бассейн / Кір жуатын бөлмелер / Үтіктеу бөлмелері бар.

Студенттер үйінің қызметкерлері күн сайын студенттер пайдаланатын барлық жуынатын бөлмелерде, санитарлық тораптарда ылғалды тазалық жұмыстарын жүргізеді. Барлық техникалық мәселелерді жатақхана қызметкерлері шешіп отырады.




📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ l.koishigulova@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 08

Университеттің оқу ғимараттарында және Студенттер үйінде орналасқан асханалар студенттер мен қызметкерлерге арналған. Асханадан мәзір бойынша ыстық тамақ, кондитерлік өнімдер, салаттар, салқын сусындар, компот және шай-кофе сатып алуға болады.



БАКАЛАВРИАТ

6B01504-Инженерлік профиль бойынша химия пәні мұғалімі;
6B01505-Биология пәні мұғалімі;
6B01506-География пәні мұғалімі: қосымша мамандандырылған географ - өлкетанушы;
6B01507-Химия және биология пәндерінің мұғалімі;
6B01510-География және тарих пәндерінің мұғалімі;
6B05101-Биология және ауылшаруашылығы;
6B05201-Қолданбалы экология;
6B05301-Химиялық талдау және сараптама;
6B07101-Көмірсутектердің химиялық технологиясы;
6B08401-Балық шаруашылығы және ихтиология;
6B11101-Туризм және сервис;

МАГИСТРАТУРА

7M05101-Биология микробиология негіздерімен
7M05201-Қолданбалы экология
7M05202-Табиғи ресурстарды басқару және қоршаған ортаның инспекциясы
7M05203-Экологиялық менеджмент және аудит
7M05301-Химиялық талдау және мұнай химиялық синтез

ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ

Кабиев Ерлан Сырымович, PhD докторы
Email: e.kabiev@asu.edu.kz
Insta: zharfac_atgu



БАКАЛАВРИАТ

- 6B01501-Математика пәні мұғалімі
- 6B01502-Физика пәні мұғалімі
- 6B01503-Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- 6B01508-Математика және физика пәндерінің мұғалімі
- 6B01509-Физика және информатика пәндерінің мұғалімі
- 6B05302-Физик-зерттеуші
- 6B05401-Қолданбалы математикалық модельдеу
- 6B06101-Дизайндағы қолданбалы информатика
- 6B06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару
- 6B06103-Желілермен жүйелерді әкімшіліктеу
- 6B07501-Стандарттау және сертификаттау

ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ

Асанова Бахтыгүл Унгарсиновна
Email: b.asanova@asu.edu.kz
Insta: fizmatgu

МАГИСТРАТУРА

- 7M01503-Математика. Білім беру үдерісін басқару (2 жыл)
- 7M01504-Білім берудегі физика (1 жыл, 2 жыл)
- 7M01501-Информатика және білім беруді ақпараттандыру (2 жыл)
- 7M01502-Қазіргі ақпараттық білім беру ортасын ұйымдастыру және басқару (1 жыл)
- 7M05302-Физика (1 жыл)
- 7M05303-Физика және электроника (2 жыл)
- 7M05401-Математика және компьютерлік ғылымдар (2 жыл)
- 7M06101-Бизнес-информатика (2 жыл)
- 7M06102-IT- менеджмент (1 жыл)
- 7M06103-Киберқауіпсіздік (1 жыл, 2 жыл)
- 7M06104-Дизайндағы қолданбалы информатика (1 жыл, 2 жыл)



1950 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғылыми кітапханасының іргесі қаланды. Кітапхана заманауи жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқырмандардың ақпарат пен білімге еркін қол жеткізетін рухани даму орталығы.

Қызмет көрсету бөлімдері:

- Электронды оқу залы (№1 оқу ғимараты, 106 бөлме);
- Ғылыми ақпарат және сирек кездесетін әдебиеттер бөлімі (№1 оқу ғимараты, 105-бөлме);
- Тарих және көркем әдебиеттер абонемент бөлімі (№1 оқу ғимараты);
- Мерзімді басылымдар оқу залы (№1 оқу ғимараты, 107-бөлме);
- Экономика және құқық факультетіндегі оқу залы (№4 оқу ғимараты, 110-бөлме);
- Экономика, жаратылыстану, физика-математика және заң әдебиеттерінің абонемент бөлімі (№2 оқу ғимараты, 1 қабат);
- Музыка және өнер кафедрасындағы абонемент бөлімі (№3 оқу ғимараты, 1 қабат);

Электронды кітапхана туралы информация

Құрметті профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылар университеттің ғылыми кітапханасының электронды қорын asu.kabis.kz сілтемесі арқылы пайдалануға болады. Сонымен қатар, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға электронды оқулықтарды оқу үдерісіне пайдалануға жағдай жасау мақсатында Республикалық жоғары оқу орындары Аралық электрондық кітапханасымен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми кітапханасымен, АЛЕМ BOOK электронды кітапханасымен оқулықтарды пайдалану бойынша келісім жасады. Құрметті профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылар төменде көрсетілген сайтта логин және құпия сөзді теру арқылы өздеріңізге қажетті оқулықтардың электронды нұсқасын алуға мүмкіндіктеріңіз бар. Республикалық жоғары оқу орындары Аралық электрондық кітапханасы: rmebrk.kz, сайтқа кіргесін тіркеуден өтесіз; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми кітапханасы: library.kaznpu.kz, логин: Атырау, құпия сөз: Атырау2020; АЛЕМ BOOK электронды кітапханасы: alemlibrary.kz, u.kz, құпия сөз: Az123456;

Ғылыми кітапхананың жұмыс кестесі:

Дүйсенбі - Жұма 9.00 - 18.00 (үзіліссіз)
Сенбі 9.00 - 14.00 (үзіліссіз)
Әр айдын соңғы бейсенбісі - тазалық күні



АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті студенттерінің қауымдастығы:

- университеттің жоғары санатты және адамгершілігі аса жоғары мамандарды дайындау миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып;

- университеттік қауымдастықтың бірлескен мәдениетін қолдау мен дамытуды, АтУ-дың Қазақстан Республикасындағы кәсіби мамандарды дайындаудың жетекші орталығы және отандық білім берудің көшбасшысы ретіндегі имиджін сақтауды өзінің міндеті ретінде санай отырып;

- АтУ-да студенттермен, қызметкерлермен және жоғары оқу орнының әкімдігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып, АтУ студенттерінің ар-намыс кодексін қабылдайды және оны қалытқысыз орындауға міндеттенеді.



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉️ l.koishigulova@asu.edu.kz

☎️ +7 712 227 63 08

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛВРИАТ

6B01403-Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогі
6B01404-Бейнелеу өнері және көркемеңбек
6B01601-Тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы
6B02101-Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы
6B02102-Халық әні
6B02104-Халық аспаптары
6B02103-Саласы және таңдаған бағыты бойынша дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер
6B02201-Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы
6B03201-Журналистика және ақпарат

МАГИСТРАТУРА

7M01601-Тарихшы педагог (1 жыл, 2 жыл)
7M02201-Тарихшы зерттеуші (1 жыл, 2 жыл)

Факультет деканы

Бибінұр Бүркітқызы Қорған
Email: b.korgan@asu.edu.kz



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉️ b.korgan@asu.edu.kz

☎️ +7 712 227 63 40

БАКАЛАВРИАТ

- 6B04101-Экономика
- 6B04102-Саладағы менеджмент
- 6B04103-Экономика және мемлекеттік басқару
- 6B04104-Бизнес-процестерінің есебі, аудиті және талдауы
- 6B04105-Қаржы және аналитика
- 6B04201- Құқықтану
- 6B04202-Құқық қорғау қызметі
- 6B04203-Халықаралық құқық
- 6B04107-Маркетинг

МАГИСТРАТУРА

- 7M04101-Экономика мен басқарудағы бизнес-аналитика (2 жыл)
- 7M04102-Бизнес экономикасы (1 жыл)
- 7M04104 Бухгалтерлік есеп, аудит және контроллинг (1-жыл, 2 жыл)
- 7M04105 - Қаржылық экономика(2 жыл)
- 7M04201-Құқықтану (1 жыл, 2 жыл)
- 7M04115-Қаржы және экономика(1 жыл)

Факультет деканы

Адиетова Эльмира Мизамгалиевна
Email: e.adietova@asu.edu.kz
Insta: asu.economiclaw



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ e.adietova@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 26

Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы №1 оқу ғимаратының 219 кабинетінде орналасқан.

Орталық:

- мамандықтар бойынша сабақ кестесін құрады;
- академиялық күнтізбеге сәйкес ағымдық, аралық, қорытынды емтихандардың оқу үдерісіне сай өткізілуін ұйымдастырады;
- ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушыларды кемінде 1 семестрге басқа университетке оқуға жолдайды;
- үлгерімнің орта балын есептейді (GPA);
- ауысу, қайта қабылдау, оқудан шығару және т.б. бұйрықтарын дайындайды және шығарады;
- транскрипт, академиялық анықтама, диплом бланкін шығару жұмыстарын жүргізеді;
- шәкіртақы тағайындайды.



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1


✉ e.kukkuzova@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 37

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде физикалық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттауға көп көңіл бөледі. Осы мақсатта жаңа спорттық нысандар салынып, спорт секциялары ашылып жатыр.

Қазіргі таңда АтУ-да

- Стадион
- Әскери дайындық алаңы
- Теннис корты
- Жасанды газоны бар футбол алаңы
- Баскетбол алаңы
- Жаттығу залы
- Жүзу бассейні
- Гимнастика залы
- Бокс залы
- Теннис үстелі бар



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ a.aralbaev@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 11

БАКАЛАВРИАТ

- 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
- 6B01702-Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
- 6B01703-Шетел тілі: екі шетел тілі
- 6B01704-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
- 6B02301-Аударма және аударматану
- 6B02302-Филология: қазақ филологиясы

МАГИСТРАТУРА

- 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (2 жыл)
- 7M01702-Орыс тілі мен әдебиеті (2 жыл)
- 7M02301-Филология (1 жыл, 2 жыл)
- 7M02302-Аударма ісі (1 жыл, 2 жыл)
- 7M01703-Шетел тілдері және мәдениетаралық байланыс

Факультет деканы

Султангубиева Айгүл Айтмұхановна

a.sultangubiyeva@asu.edu.kz

Instagram: @poly_language_faculty

Facebook: @полифак



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ a.sultangubiyeva@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 33

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жұмыс жасайды. Оқытудың кредиттік технологиясы білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын меңгерілген кредиттердің өспелі есебін білдіретін жинақтаушы болып табылады және білім алушының оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке білім траекториясын таңдауы, дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

Әр оқу жылында білім алушы шамамен кемінде 60 кредит игереді. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдерінен, демалыс күндерінен (демалыстар мен мерекелер) тұрады.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы.

GPA және сабақ үлгеріміне қатысты сұрақтар туындаған жағдайда эдвайзерлердің көмегіне жүгінуіңізге болады, сондай-ақ деканаттан және білім алушыларға қызмет көрсету орталығынан ақпарат ала алады.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	A	A-	B+	B	B-	C+	C	C-	D+	D	Fx	F
Балдардың сандық эквиваленті	4,0	3,67	3,33	3,0	2,67	2,33	2,0	1,67	1,33	1,0	0	0
Пайыздық мазмұны	95-100	90-94	85-89	80-84	75-79	70-74	65-69	60-64	55-59	50-54	25-49	0-24
Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Өте жақсы		Жақсы			Қанағаттанарлық			Қанағаттанарлықсыз			

Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру – жалпы мемлекеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырылып келеді.

Университетте дене шынықтыру және түрлі спорттық іс-шаралардың өтуіне үлкен көңіл бөлініп, барлық жағдайлар жасалған. Университет мәдени-спорт кешенінде кіші аяқ добынан, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ секциялары жұмыс жасайды. Денсаулық күні шаралары, «Алтын күз» университет ашық біріншілігі, ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған спорттың 8 түрінен факультет аралық спартакиадалар тұрақты өтіп тұрады. Ректор кубогі үшін спорттың әр түрінен профессор-оқытушылар арасында дәстүрлі сайыстар өткізіледі.

Студенттерге арналған мәдени-спорт кешені, конференц зал, гимнастика залы, жаздық спорт алаңы және спорт залы бар. Университетте спорт шеберлері, дзюда, таэквондо, қазақша күрес бойынша Ұлттық құрама командаларының мүшелері оқиды.



- Белгілі тұлғалармен кездесу
- Сәтті спектакльдер
- Екі жұлдыз
- Жайдарман
- Көркемсөз оқу шеберлері
- Республикалық пікірсайыс турнирі
- Домбыра Party
- Студенттік шақтың қызықтар: жатақхана өмірі
- Спорттық марафон
- Қайырымдылық шаралары
- Activity forum
- Университет аруы
- Университет сұлтаны
- «Kitar party»
- Жыл үздігі



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ b.korgan@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 44

ІС-ШАРАЛАР

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СТУДЕНТ АЛМАСУ 13

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім беру және ғылыми кеңістікте өзара іс-қимылды нығайту мақсатында 57 шетелдік ЖОО-мен келісім-шарт аясында жұмыс істейді. Англия, Қытай, Түркия, Иран, Франция, Финляндия, Польша, Чехия, Словакия, Ресей, Әзірбайжан, Литва, Латвия университеттерімен және республикамыздың бірнеше жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста. Университетте Ресей ғылымы мен мәдениетінің орталығы, Иран мәдениет және тіл орталығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы институты, Әзірбайжан Мәдениет және тарих орталығы, орыс тілі мен әдебиеті, мәдениеті орталығы жұмыс істейді. Бұл бөлімдердің жұмысы халықаралық және этномәдени байланыстарды кеңейтуге және нығайтуға бағытталған. Университет студенттері және магистранттары республиканың өзге өңірлеріндегі жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлық бағдарламасымен 1 немесе 2 академиялық мерзімге оқуға баруға мүмкіндіктері бар.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

Erasmus+ (Еуропалық ЖОО)

MEVLANA (Түркия ЖОО)

ORKHUN (Түркі университеттерінің кеңесі)

Атырау университеті мен серіктес университеттері академиялық ұтқырлық бойынша екі жақты келісімге қол қойылған бағдарламалар.

ҚР БҒМ академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында магистранттар мен студенттер Савония университетіне (Финляндия), Теннесси техникалық университетіне (АҚШ), Синьцзян университетіне (Қытай), Варшава техникалық университетіне (Польша), Астрахан мемлекеттік университетіне (Ресей Федерациясы), Қалмық мемлекеттік университетіне (Ресей Федерациясы) және т. б. барды.

Email: international_office@asu.edu.kz

Тел.: 8(7122)492127



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ international_office@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 65 44

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

Әскери кафедрада оқыту үшін іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурсқа қатысуға сотталмаған, оқытудың күндізгі түрінде оқытын студенттер – Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі. Конкурс мынадай төрт кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең – Атырау қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасының медициналық куәландыруынан өту.

Медициналық куәландырудан өтпеген студенттер конкурсқа жіберілмейді;

2) екінші кезең – Кәсіби-психологиялық тестілеуді тапсыру. Студенттерді кәсіби-психологиялық тестілеуден өткізуді іріктеу комиссиясы кафедраның компьютерлік сыныбында жүргізеді және ол ынталылық, стреске төзімділік, сыни тұрғыдан және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды. Сонымен қатар, үміткердің резервтік мүмкіндіктері және жеке профессионалдық қасиеттерін анықтайды. Берілген психологиялық тестілеу компьютерде 60 минут өткізіледі. Тестілеу соңында экранда тест қорытындысы шығады.

3) үшінші кезең – Дене шынықтыру дайындығын тексеру. Студенттердің дене шынықтыру дайындығы төмендегі көрсетілген дене шынықтыру бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелерімен бағаланады. Үш нормативті тапсыру сомасы бойынша 8 балл жинамаған студенттер конкурс кезеңінен өтпеген болып есептеледі;

Екінші, үшінші кезеңдері іріктеу комиссиясының жұмыс уақытында өткізіледі. Әрбір кезеңнен бір рет ғана өтеді. Алдыңғы кезеңнен өтпеген студент келесі кезеңге өтпейді.

4) төртінші кезең – ҚР ҚМ-мен келісу бойынша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жасайтын және бекітілген рейтингілік GPA балдар есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.




📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ s.absamatov@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 39

СТУДЕНТТІК КЛУБТАР

- «Студенттік өзін - өзі басқару» құрылымы
- «Сенатор» дебаттық клубы
- «Халел-Grand» КТК командасы
- Әбіш Кекілбаев атындағы шығармашылық орталығы
- «Ақтаңгер» ақындар клубы
- «Kids University» балалар университеті
- «Асу» би тобы
- «Асу Үміт» қайырымдылық қоры
- «ASU Life» медиа-клубы
- Шахматшылар клубы
- «Адал ұрпақ» студенттік клубы
- «Жас қайрат»
- «Болашақ» спорт-клубы
- «Жас Отан» жастар қанаты
- «Enactus»
- Студенттік оркестр
- Студенттік хор
- «Самғар» студенттік театры
- Студенттік кеңес
- Парасаттылық мектебі
- «Серпін» жастары
- «BVS» еріктілер клубы



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ b.korgan@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 65 44

Университетте екі компоненттен тұратын "English Only Space" (EOS) ағылшын тілін оқыту бойынша Инновациялық жоба әзірленді және енгізілді:

- 1) бірегей жабдығы бар студиялардың мамандандырылған кешені;
- 2) ағылшын тілін қарқынды оқытудың тиімді бағдарламасы.

Университет базасында бизнес-инкубатор және "i-Space" коворкинг ортасы ашылды. Ол студент жастардың кәсіпкерлік мәдениеті мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған университет қызметінің инновациялық жобасы ретінде тартаптарды іске қосуға көмек көрсету, дамудың ерте сатысында жаңа компаниялардың өсуіне ықпал етеді. Бизнес-инкубатор - Атыраудағы жас кәсіпкерлер, қала және облыс тұрғындары кәсіпкерлік негіздерін біліп, өз идеяларын сынап, тегін құқықтық кеңестер алуға мүмкіндік беретін ерекше алаң.

Тұрақты даму мен экологиялық кампустың инфрақұрылымдық дамуы үшін қолайлы экожүйе құру міндетін іске асыру үшін университет Эко-кампусты дамыту бағдарламасын бекітті. Университеттің ғимараттарында энергия мен су үнемдеу жүйелері орнату, көміртегі мөлшерін азайту, күн панельдері мен күн желінің ағашы бар жобалары жүзеге асырылды. Аумақтағы ландшафты қайта құру жұмыстары басталды. UI GreenMetric UI халықаралық рейтингіндегі университеттің позициясын жақсарту - World University Rankings тұрақты даму қағидаттарын іске асырудың сәтті процесін көрсетеді. Ай сайын эко-бюллетень жарияланады, экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы шақырылған спикерлермен семинарлар өткізіледі. GreenWay волонтерлік клубы студенттер мен қызметкерлер арасында "жасыл" мәдениеттің дамуына ықпал етеді, қала мен елдің экологиялық проблемаларына назар аудару үшін сенбіліктер, марафондар, акциялар ұйымдастырады, сондай-ақ америкалық елшілік грантының иегері атанды. Осы жобаларға әрбір студент өз идеясымен қатыса алады. Мүмкіндікті жіберіп алмаңыз!!!



Студенттерді университетке қабылдау (1 курс студенттері үшін) 25 тамыз 2021ж.
Жеке оқу жоспарын құру аптасы (1 курс студенттері үшін) 25 – 28 тамыз 2021ж.

Күзгі семестр 2021ж.

Күзгі семестрдің басталуы 1 қыркүйек
Теориялық оқу мерзімі 1 қыркүйек - 11 желтоқсан
1 аралық бақылау 11 қазан - 16 қазан
2 аралық бақылау 6- 11 желтоқсан
Күзгі семестрдің аяқталуы 11 желтоқсан
Қысқы емтихан сессиясы 20 желтоқсан - 08 қаңтар 2022ж.
Қысқы демалыс 10 -29 қаңтар 2022ж.

Көктемгі семестр 2022ж.

Бітіруші емес курстар үшін

Көктемгі семестрдің басталуы 31 қаңтар
Теориялық оқу мерзімі 31 қаңтар – 14 мамыр
1 аралық бақылау 14 ақпан - 20 наурыз
Жеке оқу жоспарын құру аптасы 28 наурыз – 9 сәуір
2 аралық бақылау 26 сәуір - 1 мамыр
Көктемгі семестрдің аяқталуы 14 мамыр
Жазғы емтихан сессиясы 16 мамыр – 4 маусым
Жазғы семестр 20 маусым - 30 шілде
Жазғы демалыс 6 маусым - 31 тамыз

Ескерту:

- 1) Аралық бақылау теориялық оқу мерзімімен қатар жүреді.
 - 2) Практика мерзімі мамандықтың ОЖЖ-на сәйкес жүргізіледі.
 - 3) Бітіруші курстар үшін қорытынды аттестаттау мерзімінің графигі және кәсіби практикалар графигі қосымшаларда көрсетілген
 - 4) Жеке оқу жоспарын құру мерзімі теориялық оқу мерзімімен қатар жүреді.
- Мейрам күндері: 1,16,17 желтоқсан, 1,2,7 қаңтар; 8, 21-23 наурыз, 1, 7, 9 мамыр; 6 шілде, 30 тамыз.


Университетте "Platonus" білім беруді басқаруының автоматтандырылған жүйесі енгізілген. "Platonus" - қашықтықтан оқытудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, білім беру циклін қамтамасыз етіп, Интернеттегі оқу орталығын құруға мүмкіндік ашатын жүйе, оның ішінде: сабақ кестесін жасақтау және жүргізу, оқу курстарын тіркеу; білім алушылар мен оқытушыларды тіркеу; үлгерімді есепке алу, оқу материалдарын, тесттер мен жаттығуларды құру және жариялау, басқа да қажетті сервистер мен қазіргі заманғы қамтамасыздандырылған бағдарламаны құруға мүмкіндік береді.

Жүйеге кіру үшін:

1. Пайдаланушы жұмысты бастау үшін браузерді іске қосу керек;
2. asu.edu.kz сайтына кіріп, бұдан кейін "Platonus" батырмасын басу керек;
3. Авторизация нысанындағы жүйеге кіру үшін (білім алушылар үшін рөлі: білім алушы) жүйедегі рөлді таңдау қажет. Бұдан әрі логиніңізді (логин өрісіне) және құпия сөзіңізді (құпия сөзіңізді өрісіне) енгізіп, содан кейін "Кіру" батырмасын басасыз. Әрбір білім алушының логині мен құпия сөзі жеке беріледі, оларды эдвайзерден аласыз. Жүйені пайдалану барысында сізге келесі әрекеттер қол жетімді болады: Кітапхана, Чат, Форум, Негізгі, Шығу.

Басты мәзір - бұл атқаратын әрекеттерін таңдаудағы пайдаланушының негізгі құралы. Білім алушыларға ұсынылады: оқу аудиториясы, журнал, сабақ кестесі, жеке оқу жоспары, академиялық күнтізбе, транскрипт, апелляция және хабарламалар. Пайдаланушы өзінің логині мен құпия сөзін басты мәзірдегі параметрге кіріп өзгертуіне болады. Толық нұсқаулығымен "Ақпараттық білім беру бағдарламалары" орталығында танысуға болады.

ТЕХНИКАЛЫҚ АҚАУЛАР БАРЫСЫНДА ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАЙЛАНЫС НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАСУҒА БОЛАДЫ.



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ zh.mendigaliev@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 63 28

Жастар саясаты департаменті университеттің қоғамдық, әлеуметтік-мәдени іс-шараларын ұйымдастырып, студенттермен тығыз жұмыс жүргізетін құрылымдық бөлім. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес жастар саясатын жүзеге асырып, студент жастармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұнын айқындайды. Университеттегі қоғамдық-тәрбие жұмысы тікелей департаменттің басшылығымен іске асады. Студент-жастарды «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық идеясы, қазақ халқының мәдени салт-дәстүрін ұстану және жалпы азаматтық адамгершілік, терең рухани байлық, азаматтық бейнесін қалыптастыруға тәрбиелейді.

Студентке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға және Қазақстанның ұлтжанды азаматы ретінде әлеуметтік қызметте жоғары кәсіби біліктілігін көтеруге қолайлы жағдай жасайды.

Студенттердің гуманистік дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, ұлтжандылық сана-сезімін, құқықтық және саяси мәдениетін еркіндігі мен өзіндік ар-ұждандық сезімін, мемлекеттік рәміздерді, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуді қалыптастыруға атсалысады.



📍 Атырау, Студенттер даңғылы 1

✉ b.korgan@asu.edu.kz

☎ +7 712 227 65 44